



# **Оқушылардың функционалды сауаттылығы**

## «Функционалды сауаттылық» термині қашан пайда болды?

«Функционалды сауаттылық» термині 1957 ж. ЮНЕСКО «сауаттылық» және «минималды сауаттылық» түсініктерімен қатар енгізді.

## «Сауаттылық» және «минималды сауаттылық» түсініктерін қалай анықтайды?

**Сауаттылық** – бұл оқу, жазу, санау және құжаттармен жұмыс дағдылары.  
**Минималды сауаттылық** – бұл қарапайым хабарламаларды оқу және жазу қабілеттілігі.

**Функционалды сауаттылық** – бұл адамның социуммен өзара әрекеттестік жағдайында оқу мен жазу дағдыларын пайдалана алу қабілеті (банкте есепшот ресімдеу, нұсқаулықты оқу, кері байланыс сауалнамасын толтыру және т.б.),

**Функционалды сауаттылық – бұл түсінікті төмендегідей құрамдастарға бөлуге болады:**

**Функционалды** –қандай да бір қызметтен шыққан әрекетке тәуелді.

**Сауаттылық** – оқи және жаза, санай білу; грамматикалық және стилистикалық қателердің болмауы; қажетті қандай да бір сала мәліметтерін игеру.

**Тапсырманы орындаңыздар және сұрақтарға жауап беріңіздер:**

- 1. Функционалды сауаттылықтың қандай формалары бар?**
- 2. Функционалды сауаттылықтың кемшілігі қалай көрінеді?**
- 3. Қандай құзіреттіліктер функционалды сауаттылықпен байланысты?**

# Функционалды сауаттылықтың қандай формалары бар?

- ❖ Математикалық сауаттылық
- ❖ Ғылыми жаратылыстану сауаттылығы
- ❖ Оқу сауаттылығы
- ❖ Жалпы сауаттылық
- ❖ Компьютерлік сауаттылық
- ❖ Ақпараттық сауаттылық
- ❖ Коммуникативті сауаттылық
- ❖ Тұрмыстық сауаттылық
- ❖ Қоғамдық-саяси сауаттылық
- ❖ Төтенше жағдайларда өзін ұстай білу сауаттылығы т.б.

## Функционалды сауаттылық

- 1) Оқу мен жазу дағдыларын қалыптастыру үшін базалық деңгей болып табылады;
- 2) Тұрмыстық проблемаларды шешуге бағытталған;
- 3) Нақты жағдайда көрінеді және
- 4) адамды белгілі бір жағдаяттарда сипаттайды;
- 5) стандартты, стереотипті міндеттерді шешумен байланысты;
- 6) Бағалау есебінде пайдаланылады, бәрінен бұрын ересектерді.

Функционалды сауаттылықтың даму үрдісі пәндік білім, білік, дағдыдан шыға отырып оқу пәндерінің құралдарымен ойлау дағдыларын қалыптастыру негізінде жүзеге асырылады.

Қалыптастыру және ойлау дағдыларын дамыту құралдары тапсырма түрінде ұсынылған сол пәндік білім, білік, дағдылары болып табылады, ал ұйымдастыру формалары – проблемалық жағдаяттар. Бұл кезде ойлау дағдыларының өзі білім,білік,дағдылардың құзіреттілікке ауысу құралы, яғни **функционалды сауаттылық** болып табылады.

# Функционалды сауаттылық мазмұны


Оқу мен жазудағы сауаттылық  
Жаратылыстану ғылымдарында сауаттылық

Математикалық сауаттылық  
Функционалды Компьютерлік сауаттылық  
сауаттылық

Отбасылық өмір мәселелерінде сауаттылық  
Денсаулық мәселелеріндегі сауаттылық

Заң жөнінде сауаттылық

Білім,білік,дағдылар құзіреттілік негізі ретінде



# Функционалды сауаттылықтың кемшілігі қалай көрінеді?

Біз функционалды сауаттылықтың бар екендігі жайлы тек оның жоқтығымен соқтығысқанда ғана білеміз.

Функционалды сауатсыздық адамның жағдайы, өмір сүру қалпы немесе кәсіби қызметі өзгергенде ғана көрінеді.

Көп жағдайда адамның өзіне ол технологиялар жаңа болып көрініп, онымен бетпе-бет келген кезінде анықталады. Мысалы, адам кестелерді, нұсқауларды түсіне алмайды, қандай да бір құрылғыны пайдалана алмайды, мысалы, мобильді телефон, банкомат және т.б.

## Қандай құзіреттіліктер функционалды сауаттылықпен байланысты?

1. Таңдау қабілеті және әр түрлі технологияларды пайдалану.
2. Проблеманы көре білу және оны шешу жолдарын іздеу қабілеті.
3. Өмір бойы оқу қабілеттілігі.

# Оқушылардың функционалды сауаттылық индикаторлары мен эмпирикалық көрсеткіштер

Функционалды сауаттылық индикаторлары	Біліктер (эмпирикалық көрсеткіштер):
Жалпы сауаттылық	Шығарма, реферат жазу.
	Калькуляторсыз санау.
	Фразаларды құруда, сөздерді іріктеуде қиындықты сезінбей сұрақтарға жауап беру.
	Өтініш жазу, қандай да бір сауалнаманы, бланкаларды толтыру
Компьютерлік сауаттылық	Интернет желісінен ақпарат іздеу.
	Электронды поштаны пайдалану.
	Мәтінді құру және басып шығару.
Төтенше жағдайларда әрекет сауаттылығы	Зардап шеккенге алғашқы көмек көрсету.
	Мамандандырылған қызметтен шұғыл көмек сұрау.
	Өз денсаулығына қамқор болу.
	Өзін жеке қауіпсіздігіне төнген қатер жағдаятында ұстау.
Ақпараттық	Кітаптан, анықтамадан, энциклопедиядан және басқа да басылым мәтіндерінен қажетті ақпаратты табу және іріктеу.
	Сызба, кесте, графиктерді пайдалану.
	БАҚ-тан ақпаратты пайдалану (газеттер, журналдар, радио, теледидар).
	Кітапхананың жүйелі және алфавит каталогын пайдалану.
	Сандық ақпаратты талдау.
Коммуникативті	Топта, командада жұмыс істеу.
	Өзіне басқа адамдарды қаратып алу.
	Өз көңіл-күйінің тербелісіне берілмеу.
	Жаңа, дағдыланбаған талаптар мен жағдайларға бейімделу.
	Топ жұмысын ұйымдастыру.
Шет тілдерін білу	Күрделі емс мәтінді сөздікпен аудару
	Өзің, достарың, өз қалаң туралы айту.
	Понимать тексты инструкций на упаковках различных товаров, приборов бытовой техники.
Тұрмыстық проблемаларды шешудегі сауаттылық	Өнімдер, тауарлар және қызметтерді таңдау (дүкендерде, түрлі сервис қызметтерінде, оның ішінде интерактивті).
	Отбасы бюджетінен шыға отырып, ақшалай шығындарды жоспарлау.
	Нұсқаулықтарды пайдаланып, түрлі техникалық тұрмыстық құрылғыларды пайдалану.
	Бейтаныс қалада GPS-навигаторды, картаны, анықтаманы пайдаланып бағдарлау
Құқықтық және қоғамдық-саяси сауаттылық	Өз мүдделері мен құқықтарын қорғай білу.
	Үкімет, Президент, Парламент, Сенат, Мәжіліс, ҚР рәміздерін қызметтері мен өкілеттіктерін түсіндіру



# Халықаралық бағалау зерттеулері

## PISA

«15 жастағы оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламасы»

*Жасөспірімдердің мектепте алған білім, білік, дағдыларын адам әрекетінің әр түрлі салаларында өмірлік міндеттердің кең диапазонын шешу үшін пайдалана алу қабілеттерін бағалайды, сонымен қатар тұлғааралық қатынаста және әлеуметтік қарым-қатынастарда*

## TIMSS

«4-8 сынып оқушыларының математикалық және жаратылыстану-ғылыми сауаттылықтарын бағалау»

*Қатысушы елдердің математикалық және жаратылыстану-ғылыми білім мазмұны ерекшеліктері, оқу үрдісінің ерекшеліктері, сонымен қатар білім беру мекемелері, мұғалімдер, оқушылар және олардың отбасылары сипаттамаларымен байланысты факторлар зерттеледі.*

## PIRLS

«Оқу сапасын және мәтінді түсінуді зерттеу»

*Төрт жыл оқыған оқушылардың оқу сауаттылығын зерттейді. Қолайлы білім ортасында мектептегі оқудың үшінші және бесінші жылдар арасында оқудың өзбетінше-нің маңызды компонентінің қалыптасуында сапалы ауысу жүреді: оқуға үйрету аяқталады (оқу техникасы), оқу үшін оқу басталады – өздігінен білім алудың негізгі ресурсы ретінде жазбаша мәтіндерді пайдалану.*

## **Жаратылыстану ғылыми сауаттылық**

Адамның қабілеті жаратылыстану ғылымдары білімін тану мен сұрақтар қою, жаңа білімді меңгеру үшін жаратылыстану ғылыми құбылыстарын және жаратылыстану-ғылыми мәселесімен байланысты ғылыми дәлелді қорытындыға негізделген тұжырымдауды түсіндіру үшін, игеру және пайдалану; жаратылыстанудың негізгі ерекшеліктерін адамның танымы формасы ретінде түсіну; жаратылыстану ғылымдары және технология қоғамның материалдық, интеллектуалдық және мәдени салаға ықпал ететінінен хабардар екенін көрсету; жаратылыстанумен байланысты проблемаларды қарастыру кезінде белсенді азаматтық ұстанымда тұру.

## **Оқу сауаттылығы**

Адамның қабілеті жазбаша мәтіндерді түсіну және пайдалану, олар туралы ойлану және өз мақсатына жету үшін оқумен айналысу, өз білімін және мүмкіндіктерін кеңейту әлеуметтік өмірге қатысу

**Функционады  
сауаттылықтың  
базалық дағдысы**

## **Математикалық сауаттылық**

Адамның қабілеті ол өмір сүретін әлемдегі математиканың ролін анықтау және түсіну, жақсы негізделген математикалық ойларды айту және математиканы қазіргі және келешекте жасампаз, мүдделі және ойлайтын азаматқа тән қажеттілікті қанағаттандыратындай пайдалану

PISA зерттеуінде оқушылардың мынадай біліктері бағаланады:

- ойлау,
- аргументация,
- Проблеманы қою және оны шешу,
- модельдеу,
- Нәтижесін көрсетудің түрлі әдістерін пайдалану.

Сонымен халықаралық емтиханға қатысушылардың математикалық құзіреттіліктері әрекеттердің үш оқу-таным түрімен анықталды:

- **қабылдау,**
- **қолдану**
- **талқылау.**

Осыған байланысты функционалды сауаттылықты зерттеуді бағалау технологиясы әлемнің 60 елінен астам 15 жастағы оқушылардың функционалды сауаттылықтарын зерттеуді бағалау технологиясы білім жетістіктерінің **алты деңгейін** қосады.

**Ең жоғарғы планка – 5 және 6 деңгей** – өз бетінше ойлауға, талдай білуге және өзінің жеке гипотезаларын айту білігі,  
**4-3** – жаңа ақпарат алу үшін бар білімі мен білігін пайдалана алу қабілеті,  
**2** - оқуға қатысты емес жағдайда бар білім мен біліктерін қолдана алу,  
**1 деңгей** - қарапайым білімнің төмен деңгейі және тапсырманы жетістікті орындаудың азғантай мүмкіндігі.

- \* Халықаралық PISA-2012 тестінде барлығы **математика бойынша 50 тапсырма** (85 сұрақ), **13 – оқу сауаттылығы** (28 сұрақ) және **28 – жаратылыстанудан** (54 сұрақ) бар.
- \* Зерттеудің тест тапсырмалары қатысушыларға қысқа сондай-ақ еркін құрастырылатын жауаптары бар жобаны ұсынуға бағытталған.
- \* Тапсырманың жауап нұсқаларымен берілген сұрақтар халықаралық тесттің аз бөлігін құрады.
- \* Әр тапсырманың форматында тест, сонымен қатар кестелер, диаграммалар, графиктер, карталар, жарнамалық буклеттер, түрлі нұсқаулықтар бар.

**Тапсырма: PISA-2012 мәліметтерін талдаңыздар. Қорытынды жасаңыздар.**

- \* Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын (МЖБС) жаңарту шеңберінде функционалдық сауаттылықты дамыту нәтижесі білім алушылардың жастарға алған білімдерін практикалық жағдайларда тиімді және әлеуметтік бейімделу процесінде сәтті пайдалануға мүмкіндік беретін **негізгі құзыреттіліктер жүйесін** меңгеруі болып табылады.

Орта мектепті бітірушінің **негізгі құзыреттіліктері** :

- \* **Басқарушылық** (проблеманы шешу қабілеті);
- \* **Ақпараттық** (өзіндік танымдық қызметке қабілеті немесе өмір бойы білім ала білуі);
- \* **Коммуникативтік** (қазақ, орыс және ағылшын (шет) тілдерінде ауызша, жазбаша және нәтижелі қарым-қатынас жасауға қабілеті);
- \* **Әлеуметтік** (әлеуметтік өзара іс-қимыл жасауға қабілеті);
- \* **Тұлғалық** (өзіндік іске асыру, өзін-өзі жетілдіру, өмірлік және кәсіби өзін-өзі анықтау, төзімді болу қабілеті);
- \* **Азаматтық** (қазақстандық сана-сезім мен мәдени ұқсастық негізінде өзінің отаны үшін жауапкершілікті сезіну қабілеті);
- \* **Технологиялық** (тиімді пайдалану деңгейінде технологияларды, оның ішінде ғылыми, сандық технологияларды пайдалану қабілеті).
- \*

Білім стандартын, оқу бағдарламаларын және жоспарларды жаңарту Басты күзіреттіліктен басқа жеке пәндік сала аясында **пәндік күзіреттіліктер** бөлінеді: оқу пәнінің аясында игерілген білім, білік, дағды. Пәндік күзіреттілік мемлекеттік оқу бағдарламаларында жазылатын болады.

- \* **Пәндік күзіреттіліктер** — бұл нақты пән саласында нақты әрекетті тиімді орындауға қажетті *ерекше қабілеттер* және тар шеңберлі мамандыққа байланысты білімді қамтитын пәндік білік пен ойлау тәсілдерінің ерекше түрі.
- \* **Математикалық күзіреттілік** — бұл мәліметті (жағдаятты) құрылымдау қабілеті, математикалық қабілеттерді бөлшектеу, жағдаяттың математикалық моделін құру, оны талдау және қайта құру, алған нәтижелерді интерпретациялау.

Басқа сөзбен айтқанда, оқушының математикалық күзіреттілігі күнделікті өмірде туындайтын мәселелер үшін математиканы дәлме-дәл қолдануға мүмкіндік берумен ықпал етеді.

Бағдарламада оқушылардың функционалды сауаттылығын дамытудың келесі механизмдеріне төмендегілер белгіленген:

**\* Оқыту нысандарын, әдістері мен технологияларын жаңарту**

*Білім беру нәтижелеріне табысты қол жеткізуді, алған білімін оқу және практикалық қызметте пайдалана алуын қамтамасыз ететін логикалық, конструктивті және сыни тұрғыда ойлау негіздерін қалыптастыру үшін оқытудың тиімді нысандары мен әдістері енгізілетін болады.*

*Оқыту нысандары мен әдістерін түбегейлі жаңарту мұғалім мен оқушы арасындағы әріптестік және достық қарым-қатынастың орнауына ықпал ететін болады.*

**\* Мектеп оқушыларын оқыту нәтижелерін бағалау жүйесін дамыту**

*Сырттай бағалау әрбір деңгейді аяқтау бойынша білім алушының оқу жетістіктерінің мәлімделген нәтижелерге (ҰБТ, ОЖСБ және т.б.) сәйкестігіне, сондай-ақ халықаралық зерттеулерге (TIMSS, PISA және PIRLS) қатысуы арқылы жүзеге асырылатын болады.*

*Іштей бағалау нақты тұлғалық жетістіктерді белгілеу үшін оқу пәні бойынша оқыту сапасын диагностикалау арқылы және МЖБС өлшемдеріне сәйкестігі (аралық және қорытынды бағалау) арқылы жүзеге асырылады.*

*Білім алушылардың өзін-өзі бағалауы өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі жетілдіру үшін жеке жетістіктерін бағалау арқылы жүзеге асырылады.*

*Білім алушының оқу жетістіктерінің критериялық бағалау жүйесі енгізілетін болады.*

**Ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеуге белсенді қатысуын қамтамасыз ету**

**\* Қосымша білім беруді дамыту**



# «Оқыту үрдісі»

The diagram features a blue header with the text «Оқыту үрдісі». Two arrows point downwards from this header to two separate sections. The left section is titled «Мұғалімнің «Оқытуы»» and the right section is titled «Оқушының «Оқуы»». Each section contains a list of reflective questions.

## Мұғалімнің «Оқытуы»

- Менің оқушыларым қойған мақсаттарға қандай дәрежеде жетті?
  - Ағымдағы тақырыпқа уақытты қалай бөлуге болады?
  - Бұл тақырыпты біршама тиімді түрде жүргізе аламын ба?
  - Оқушылар курстың қандай бөліктерін мәнді деп санайды?
  - Мен олардың үйренгенін қалай анықтай аламын?
  - Оқушылардың білімдеріне әлі түзетуді қажет ететін жағдайда оқу үрдісінің қай кезеңінде оқушылармен кері байланысты қамтамасыз ету қажет?
  - Оларға жақсы оқуға қалай көмектесе аламын?

## Оқушының «Оқуы»

- Берілген материалда біршама маңызды саналатынын білемін бе?
- мен өзімнің оқу тәсілімді қалай жақсарт аламын?
- Мен неліктен осы курсқа осындай баға аламын?

## Заманауи білім беру үрдісінде бағалаудың орны

**Барлық уақытта да білім мен білікті тексерудің әртүрлі тәсілдері болды.**

**Тарихи даму үрдісінде тек баға қоюдың формалары мен әдістері, бақылау-өлшеуіш шараларын өткізудің жиілігі және олардың мазмұны, оқушыларға әсер ету шаралары, мотивациялық элементтер және көптеген басқа факторлар ғана ауысты.**

# Қазіргі уақыттағы бағалау жүйесінің функциялары

## *Нормативті функцияға:*

- \* нақты оқушының оқуының жетістікті болуына және олардың оқу орнын бітіруіне сәйкес барлық құқықтық салдардың ол үшін мемлекеттік эталонмен қатысты бекітілген жетістіктерін белгілеу енеді;
- \* жеке оқушылардың, мектеп сыныптарының, мұғалімнің жұмысының сапасы және олардың дайындығының деңгейін, оқу үлгірімін әкімшілік бақылау (*ондаған жылдар бойы қалыптасқан келеңсіз жағдайға сәйкес*) енеді.

***ақпараттық-диагностикалық функция*** білім беру үрдісінің барлық қатысушыларының арасындағы мазмұнды байланысты, оқушылардың мазмұнды және эмоционалды рефлексияларын, сонымен қатар мұғалімнің педагогикалық рефлексиясын енгізетін негізгі сәттері.

Атап айтқанда, бағалау ең бірінші кезекте, жеке оқушылардың мектепте қолайлы сезінуі жөнінде де, нақты сыныптағы білім беру үрдісінде барлығы дұрыс па деу тақырыбын ойлауға ой тастайды.

Оқушылардың әрекет мотивациясымен байланысты ***жазалау-мадақтау функциясы*** қосымша түсініктемені қажет етпейді.

## Бағалау жүйесіндегі бар кемшіліктер

- \* педагогтарға, ата-аналарға және оқушыларға түсінікті болатын білім беру жетістіктерін бағалайтын нақты өлшеулердің жоқтығы;
- \* педагог әр оқушының жетістігін алдын-ала айқындалған өлшеулер негізінде емес, жалпы сыныптың орташа білім деңгейіне қарап бағалайды;
- \* оқушыларға қойылған баға оқу бағдарламасының жекелеген бөлімдері бойынша алынатын нақты білімді, білікті, дағдыны көрсете алмағандықтан, әр оқушының жеке білім алу траекториясын анықтауға мүмкіндіктің болмауы;
- \* оқыту процесінде мұғалім мен оқушы арасында тығыз байланыс болмағандықтан, оқушының білім алуға деген белсенділігі төмендейді.

## Бағалау мақсаттары

- \* Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту нәтижесіне және қысқа мерзімді мақсаттарымен оқушылардың жетістігіне талдау;
- \* Оқу үрдісін ұйымдастыру ерекшелігін анықтау және оқу материалын меңгеру үшін мұғалім мен оқушы арасында шұғыл өзара байланыс орнату;
- \* Оқу үрдісін ұйымдастыруда түзету енгізу.

*оқу бағдарламасын меңгерудегі  
олқылықтарды жою үшін  
оқушыларды ынталандыру;*

*әртүрлі жұмыстарды орындаудан  
алған бағалардың маңыздылығын  
дифференциациялау;*

*жоспарланған оқыту  
нәтижелеріне жету үшін әрбір  
оқушының жеке даму  
траекториясын түзету және  
жеке жетістігін бақылау*

*оқу бағдарламасының  
тиімділігін бақылау;*

*оқу үрдісінің әрбір  
кезеңінде оқушының  
дайындық деңгейін  
анықтау;*

*мұғалім, оқушы және  
ата-ана арасында кері  
байланысты  
қамтамасыз ету.*

**БАҒАЛАУ**

# Бағалау принциптері

## 1 принцип

Бағалау мақсаты кім жақсы, кім нашар деген анықтамада емес, оқушылардың ең жоғарғы нәтиже жетістігі үшін жағдай жасау.

Бағалау үздіксіз үрдістің ажырамас бөлігі болып табылады :  
**жоспарлау – оқыту - бағалау- жоспарлау-**

## 2 принцип

**Бағалаушы және бағаланушы бағалау критерийін және жағдайын ертерек білулері тиіс өйткені ол біріншісіне де екіншісіне де анық болуы қажет.**

# Бағалау принциптері

## 3 принцип

- \* Бағалау критерийлері мен жағдайлары олардың алдын ала жоспарланған нәтижелерінің жетістіктері, баланың дамуының жағдайы туралы біршама объективті ақпарат алу үшін жеткілікті түрде көп түрлі болуы тиіс.

## 4 принцип

- \* Бағалаудың процедураның маңызды кезеңі: бағалаушы мен бағаланушы арасындағы кері байланыс.
- \* Мұғалім ғана емес, сонымен қатар бала да өзіне таяу уақытта неге байланысты жұмыс істеу қажеттігін елестетуі тиіс.



# Бағалау принциптері

## 5 принцип

- Бала өзінің қандай да бір қабілетін бағалай отырып білуі, түсінуі немесе бір нәрсе істегенде соған сәйкес қимыл жасап, әрқашан алдына рольдік модель қоюы тиіс.

# Бағалау жүйесіне қойылатын талаптар

## Бағалау жүйесі:

- ❖ қандай да бір оқу материалы жетістікті игерілген, қандай да бір практикалық дағды қалыптасқандығын анықтауға мүмкіндік береді, яғни басқа сөзбен айқанда қандай да бір салынған оқу курсы белгілі бір минимум талаптарымен оқушының жетістігін салыстыру мүмкіндігін беруі тиіс.
- ❖ әр оқушының дайындығының жалпы деңгейі сияқты, сондай-ақ әр түрлі салаларда танымдық әрекеттердің динамикасы мен оның жетістіктеріндегі өзгерістерді белгілеу (ақпаратты меңгеру, өңдеу, өз ойы мен образдарды және т.б. шығармашылық көрсету), бұл оқушының білім алудағы жетістіктері мен сәтсіздіктерінің біршама айқын көріністерін көруге мүмкіндік береді.

## Бағалау жүйесіне қойылатын талаптар

❖ Баға қою механизмінде *оларда салынған ақпараттарда адекватты интерпретациялардың салыну мүмкіндігі болуы тиіс*, не үшін бағалау жүйесі *ағымдағы және қорытынды бағаларды қою тәсілдері* сонымен қатар мақсаттары мүлдем айқын, бұл бағалар жетістіктер үшін қойылатын болуы тиіс.

Ол болмаған жағдайда бірінші кезекте ақпараттық-диагностикалық бағалаудың орнына бағалаудың жазалау-мадақтау функциясы шығады, орта білім аясында оның тең құқықтығына қатысты үлкен күмән туындайды.

## Бағалау жүйесіне қойылатын талаптар

❖ Бағалау жүйесінде оқушылардың өз жетістіктерін **өз бағалауларының** көтермелеуші және дамытушы **механизм**, сонымен қатар *оқу үрдісі барысында олармен болып жатқан рефлексия салынуы тиіс.*

Өзін-өзі бағалауды шығаратын оқушылар мұғалім бағасымен нәтижелерін салыстыруға мүмкіндік алуы тиіс.

Бағалау жүйесі толық ашықтығы өзін-өзі бағалауға итеретін фактор болып табылады.

## Бағалау жүйесіне қойылатын талаптар

- ❖ Бағалау жүйесі үнемі мұғалім, оқушы, ата-ана, сынып жетекшісі арасындағы байланысты, сонымен қатар мектептің әкімшілігі мен педагогикалық ұжымы қарастыруы және қамтамасыз етуі тиіс.

Мұндай байланыссыз оқу үрдісін қалыптастыруға жүйелі әдіс болуы, яғни оның тұтастығын қамтамасыз ету мүмкін бе.

- ❖ Бағалау жүйесі *бірыңғай* нақты мектеп сыныбына қолданылатындай болуы тиіс.

Әр түрлі принциптерде негізделген бағалау жүйесін әр түрлі сабақтарда тиімді жүзеге асыру мүмкін емес.

Бағалау жүйесінде түбегейлі сипаттағы айырмашылық пән топтарының арасында емес, оқушылардың жас ерекшеліктерінің топтарының арасында болуы мүмкін.

## Бағалау жүйесіне қойылатын талаптар

- ❖ Бағалау жүйесі *оқушылардың психикасына ұқыпты, аса сақтықпен қарай отырып құрылуы, оны зардап шеккізетін жағдайлардан аулақ болуы тиіс.*

Бұған жету үшін негізгі жол – оқу үрдісінің барлық қатысушыларын жетістікті білім алуға қажетті және кері байланысты жүзеге асыру үшін құрал ретінде бағалау жүйесі туралы **хабардар ету.**

*Критериалды бағалау* – оқушылардың оқу-танымдық құзыретін қалыптастыруға жағдай жасайтын, білім беру мақсаты мен мазмұнына сәйкес білім беру процесіне қатысушылардың барлығына алдын ала таныс, ұжым талқысынан өткен, нақты анықталған өлшемдер арқылы оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген процесс.

# Критериалды бағалау түрлері

## Критериалды бағалау

**Қалыптастырушы**  
(ағымдағы) бағалау

Сабақта күнделікті жүзеге асатын, білім мен дағдыны меңгеру деңгейін анықтайтын бағалау. Қалыптастырушы бағалау қорытынды бағалауға әсер етпейді және бұл материалды бастапқы меңгеру кезіндегі болатын қателіктер алдында оқушы қорқынышын жоюға мүмкіндік береді.

**Қорытындылаушы**  
(қорытынды) бағалау

Оқу ақпараты блогын оқып болғаннан кейін білім және оқу дағдысының қалыптасу деңгейін анықтау. Қорытынды жұмыстарға қойылған бағалар курс бойынша есепті кезең үшін (жартыжылдық, жыл) қорытынды бағасын анықтаудың негізі болып табылады.



# Критериалды бағалаудың тәжірибелік маңызы

- ❖ оқушының жұмысы ғана бағаланады;
- ❖ оқушы жұмысы алдын- ала белгілі дұрыс орындалған жұмыс үлгісімен (эталонмен)салыстырылады;
- ❖ өзінің оқу жетістіктерінің деңгейін анықтау үшін және ата- аналарына осы ақпараттарды жеткізу үшін оқушыға нақты бағалау алгоритімі белгілі.
- ❖ бағалау критерийлері нақты оқыту мақсаттарын айқындайды, сондықтан оқушыларға баға оқып- зерделенген материал бойынша ғана қойылады.

# Критериалды бағалау:

## Мұғалімдерге:

- \* Сапалы нәтиже алуға бағытталған критерийлер әзірлеуге;
- \* Өзінің іс-әрекетін жоспарлауға және талдауға жедел түрде ақпарат алуға;
- \* Оқытудың сапасын жақсартуға;
- \* Әр оқушының жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін ескере отырып, жеке оқыту траекториясын құруға;
- \* Бағалаудың түрлі тәсілдері мен құралдарын қолдануға;
- \* Оқу бағдарламасын жетілдіруге ұсыныстар енгізуге мүмкіндік береді.

## Оқушыларға:

- \* Өзінің түсінігі мен қабілетін көрсету үшін оқытудың түрлі стильдерін және ойлау әректінің типтерін қолдануға;
- \* Өз нәтижелерін болжау арқылы табысқа жету үшін бағалау критерийлерін білуге және түсінуге;
- \* Өзінің және өз құрдастарының жетістіктерін бағалап, рефлексияға қатысуға;
- \* Шынайы міндеттерді шешу үшін өз білімдерін қолдануға, түрлі көзқарастарды білдіруге, сын тұрғысынан ойлауға мүмкіндік береді.

# Критериалды бағалау:

## ***Ата- аналарға:***

Өз баласының оқытылу деңгейі туралы объективті дәлелдер алуға;

- \* Баланың оқудағы прогресін қадағалауға;
- \* Оқу үрдісінде оқушыға қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

